

ФЫЛЫМ ЖАЙЫ ТОЛҒАНДЫРАДЫ

Нарық доңғалагы сықырлап енді айналар кезде қалың жүрттың арасында көп әңгіме болғаны рас. «Бұ дүние не бол барады?» «Нарық дегеніміз не?» Осы тақылеттес басқа сұрақтардың қойылуына орай гу-гу әңгімелер әрбір шаңырақты шулатты-ай кеп. Ал уақыт қашанда өз дегенін істеді ғой. Заман талабына сай нарық тегершігі өзіне оралған шөпшаламды, шырмауықты бырт-бырт үзіп айналып келіп кетті. Сөйтін, «бұ дүние не бол барады» деген әңгіме тақырыбы басқа арнаға көшті. «Енді өзің үшін Еңбек етесің» дейді. Ал, бұл «Еңбек етпеген ішіп-жемейдінің» нағыз өзі деген әңгімелер қайта жанданды. Демек алдағы уақытта тек жұмыс істеп қою жеткіліксіз, өзінді жарылқап сол арқылы мемлекетті нығайту керек еken. Ал әрбір елдің байлығы, мықтылығы сол елдің ғылымына байланысты. Өйткені осы нарықтың жолмен дамыған елдердің жағдайына байланысты. Ал, осы нарықтың жолмен дамыған елдердің жағдайын тілге тиек етер болсақ оларды көркейткен тек ғылымның нәтижесі. Экономикасына тіс батпайтын айбатты АҚШ яки Жапонияны алсақ та, тіпті кейінгі кезде әлем жүртты танып, мойындаған Тайвань, Сингапур, Гайданд, Малайзия секілді елдердің берекелі жолға түсіуі ғылымға арқа сүйеуі, ғылыми-техникалық прогресті жан аямаі дамытуының салдары. Ендеше нарық доңғалагы сықырлап қозғалар шақтан абдырай бастаған жүрттың енді заман ағымын сөзсіз түсінгені кезде мәдени-

етімізді де, әдебиетімізді де, күйімізді де қалай көтереміз дегенде тек ғылымға тана тізгінді беру керек еken.

Бірақ, осы «ғылыммыздың өзі не істеп жатыр» деген сұрақтың тағы жолды кес-кестеуі әбден мүмкін. Өйткені қай басылымды алмайық бүгінгі ғылымның тынысы оның ордасы Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының жай-күйі туралы сан қылыш әңгімелер туындалап жатыр. «Күн сайын алақан жайып, қаражат сұрап жатқан ғылыммыз елімізді, жерімізді көгерте ала ма?» дейді. Жалпы тіпті «Академияны мұлде қайта құрып, ғалымдарды тарқатып, онаң соң әрбір ғалымды саусақпен санағандай қайта қабылдау керек» деген ойлар бар. Демек, иә, айта берсек мазалаған сұрақ көп, сондықтан бір сәт ғалымдарымызға да құлақ түріп көрелікши.

Жоғарыда айтылған және «жалпы ғылыммыз не тындырып жатыр» деген сұрақтар төңірегінде Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясы Президиумының Бас ғалым хатшысы, экономика ғылымның докторы, профессор, академик, (Оқырмандарымыздан алдын ала кешірім өтінеміз, өйткені осы мақала журналға басылып шыққанша арада еki үш айдың жүзі өтіп кеткен еdi. Осы уақыт аралығында Кенжегали Әбенұлы Қазақ экономика университетінің ректоры болып тағайындалды). Кенжегали Әбенұлы Сагадиевке жолығып, бірнеше сауал қойған едік.

ЗЕРДЕ

№ 11 (395), қараша, 1992 жыл.

Ай сайын шығатын республикалық ғылыми-көпшілік журнал

ҚУРЫЛТАЙШЫСЫ: ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТІ МЕН РЕДАКЦИЯ УЖЫМЫ

Журнал 1960 жылдан шыға бастады.

«Зерде» («Интеллект»); на казахском языке. Ежемесячный научно-популярный журнал Казахстана. Выходит с 1960 года.

Журнал Қазақстан Республикасы Баспасөз жөнө бүқаралық ақпарат министрлігінде № 87 күелікпен тіркелген
Бас редактор

Есенғали РАУШАНҰЛЫ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Әшірбек АМАНКЕЛДІҰЛЫ (бас редактордың орынбасары), Шәрін ОМАРҰЛЫ, Александр ТАСБОЛАТ, Болатбек ТӨЛЕТАЙҰЛЫ.

Көркемдеуші редактор Нұркелді ЕСЕНАМАНҰЛЫ

Техникалық редактор

Марта ДОСАНҚЫЗЫ

Кезекші редактор Бауыржан

ФАЙЗОЛЛАҰЛЫ

Корректор Жаманкул МУШТАЙҚЫЗЫ.

Теруге жіберілді. 20.09.92. Басуға рұхсат етілді. 30.10.92 Келемі 84x108 1/16. Офсетті басылым Мелшері баспа табагы. 3,36 Шартты баспа табагы. 3,36 Шартты бояу келемі 11,2. Тираж 34897. Тапсырыс 83.

Автордың көзқарасы мен пікіріне редакция жауап бермейді.

Дәлекияның мекен жайы: 480044, Алматы қаласы, «Жібек жолы» проспектісі, 50-үй, 8-қабат. Телефондар: Бас редактор — 33-83-81. Бас редактордың орынбасары — 33-83-80. Бөлімдер: «Таныс» — 33-83-88, «Темірқанат» — 33-83-88, «Гарыш» — 33-91-39, «Сана» — 33-91-39, «Өрнек» — 33-84-83, «Фототілші» — 33-83-95, корректор — 33-92-45.

«Дәуір» газет-журнал баспасының баспаханасы Алматы қаласы, Ленин проспектісі 2-үй.

— Кенжеғали Әбенұлы нарықта шындаған бет бұрған шақтағы әр мекеменің ахуалы айтпаса да баршага аян ғой деймін. Әсіреле, ғылым, мәдениет салалары үшін оңайға тимей тұрғаны сезсіз. Сондықтан белгілі жайтын қозғап бұл қалай болды деп сөз бұйдаға салғанша, мәселенің төтесіне көшсек: осы КСРО-ның ыдырауы Академияға әсер етті ме?

— Эрине, КСРО-ның ыдырауы, бұрынғы Одақтық ғылым Академиясының таратылуы қызметімізге айтарлықтай зиян тигізбегенімен, жалпы біраз кедергілер тудырғаны рас. Ол қандай кедергілер? Мысалға, бұрын шетелге жолсапарға шығып тұрудың тұрақты көзі болатын, сондай-ақ, бұрынғы республикалар ғылым академиясының ғалымдарымен риясyz қарым-қатынаста болу енді жоқ. Өйткені ол коммерциялық негізге көшті. Осыған орай өз республикамызда жан-жақты ғылыми инфрақұрылымды құру көп уақытты және ең бастысы қаншама қаржыны қажет етеді десеңізші. Бұл бұрынғы қалыптасқан байланыстарды үзеді яғни жаңа қондырылар мен жабдықтарды пайдаланудың, бірлескен аралас тәжірибелер жасаудың жолы қылды деген сөз. Өзіңіз де айтқандай тіпті шет елдік әріптерімізben жүргізетін зерттеу бағдарламамызды жылдың аяғына дейін жүзеге асыра алмаймыз ба деп қауіптенемін. Мұны неге айтып отырмын. Шындығына келгенде біздің Академия әлемдік ғылыми-техникалық бірлестіктен оқшауланып қалғандай болды. Ал, ғылыми жаңалық, ғылыми тәжірибелер қашанда мүмкіндік болса алмасып отыруға тиіс.

Бірақ, бұған қарап, бұрынғы одақтың жетегінде келген ғылымымыз енді өз бетінше түк бітірмей отыр еken деген үғым тумау керек. Қазақстан ғылым Академиясының бүгінгі уақытқа дейін тындырып келгені айтуға ғана женіл. Ал, шын негізінде ғалымдарымыздың еңбекін бағалаған жөн.

— Демек, Академияны одақтың ыдырауы азда болса тығырыққа тірегенімен тәуелсіз бағыты дұрыс дейсіз ғой.

— Иә, солай десек те болады. Өйткені тәуелсіздікке күні кеше ғана аяқ басқан мемлекетіміздің алдында көптеген проблемалардың тұрғанын қай-қайсымында жаңыс білеміз. Бірақ біліп қою бір басқа да, сол тұйықтан жаңа жол тауып шығу басқа ғой. Демек, бұл жерде бізге сан тарам жолдардың шатаспас үшін бірін ғана таңдау керек. Оны табу оңай емес. Міне, осындаиды республикамыздың болашағы үшін өмірлік маңызы бар мәселелерді шешуде Академия оқымыстылары көп күш-жігер жұмсағаны анық. Атап айтқанда Академияның қоғамдық ғылым бөлімінің институттарымен тәу-

елсіз мемлекетіміздің негізгі бағдарламасы түгелге жуық қайта қаралды. Зангерлер мен экономистер Жоғарғы Совет пен Республика Укіметінің 60 жуық қабылдаған зандарын дайындауға ат салысты. Тарихшылар, әдебиетшілер және тіл мамандарының зерттеуімен қазақ және өзге де ұлттардың тарихи мұрасына тың мәліметтер қосылды.

Физика-математика ғылымдары белімінің оқымыстылары әлемдік ғылым үшін тың жаңалықтарды ашып берді. Бір ғана мысал, ядро құрылышын жаңа қырынан тануға мүмкіндік туды. Механика және машинатану институты өндіріс орындарында адам атқара алмайтын жұмыстарды жүргізетін түрлі робот-манипуляторларды ойладап тапты.

— Заман талабына сай Академия жүйесіне жаңалықтарды өндіріске енгізуі үйімдастырудың ұтымды түрлері яғни ғылыми-техникалық кәсіпорындар да жұмыс істей бастаған шығар.

— Иә, ғылыми-техникалық кәсіпорындар құрылышп та жатыр, ал бұрынғақ іс бастап, аяғынан қаз тұрып кеткендегі жаңыс нәтижелерге қол жеткізуде. Өткен жылмен салыстырғанда олардың биылғы жылы-ақ атқарған ғылыми-жұмыстары бес есе артты.

— Солардың бір-екеуін атап өтсөңіз.

— Мысалға, Топырақтану институтының жанынан ашылған ғылыми-техникалық «Дархан» кооперативін атауға болады. Бұл кооператив бірнеше жылдан бері күріш, жүгері, көкеніс, картоп, пияз, өсіруде экологиялық таза әрі дымқыл ұстағыш технологияны колхоз, совхоздардың пайдалануына ұсынып келеді. Олардың технологиясының, тиімділігі сонша әлгі колхоз, совхоздар жылма-жыл мол өнім жинап пайда тауып отыр.

Енді жаңа технологияның тиімділігін байқаған өзге шаруашылыштарда жаппай тапсырыс беріп жатыр.

Ядролық физика институтының жанынан ашылған «Спектр» шағын кәсіпорны да түрлі электронды жабдықтар шығаруда жемісті еңбек етіп келеді. Мысалға, жүгері дәнінің уланған уланбағанын айырып беретін индикатор-аппараты осы кәсіпорын қызметкерлері ойладап тапты. Ал бүгінде электроникасы мықты деп танылған Қытай, Чехословакия, Франция елдері «Спектр» шығарған жабдықтарды сатып алуға келісім беріп отыр.

Академияның өндіріс орындарымен тікелей байланыс жасауы екі жаңа да тиімді еkenі рас. Өткен жылды осының нәтижесінде 148 жасалым дүниеге келіп еді. Мұнан күтіп отырған пайдамыз кемінде 20 миллион сом көлемінде болмақ. Осының өзі үлкен жетістік ғой, Дегенмен Академия қай саланы алмайық оның кез-келгеніне жаңа техни-

калар, аспаптар мен жылымдар үлгісін көптеген жаңа технологияларды кешегіден де көбірек бере алары сөзсіз. Бірақ, өкінішке орай, іс жүзінде бұл бастама нақты қолға алынбай отыр. Тәуелсіз республикамыздың экономикасын көтеруге әсерін тигізер, яғни тапшы азық-тұлік түрлерін молайтуда қосар үлесі шаш-етектен ғылыми жасалымдар қабылданбай, дер мезгілінде көзін таппай қалады.

— Бұл неліктен деп ойлайсыз?

— Оның екі себебі бар деп санаймын. Алғашқысы ғылыми зерттеулерді түпкілікті үйімдастыру мен қаржыландыруды Академия тарапынан кеткен кемшіліктер, екіншісі өндіріс орындарының үйреншікті әдеті яғни ғылым мен техника жаңалықтарына қашанда үркे қараушылық. Енді осы екі себепті тарқатып көрейік. Ертеңі күні пайдасы шаш-етектен келетін мән-маңызы зор біздің институттарымызда 93 жасалым бар. Оның көпшілігі авторлық куәлікпен, патентпен қорғалған. Бірақ бұл жұмыстардың дені былтырдың өзінде-ақ орындалуына қарамастан әлі күнге өндірістік-тәжірибелік сыннан өтпеген, яғни жабдықтардың өндірістік-тәжірибелік үлгісі жасалмаған немесе олар конструкторлық жобалау жасалым деңгейіне жеткізілмеген.

Міне, осы жерден оларды халық шаруашылығында пайдалану ісі де кешігіп жатады. Сондықтан бізге басталған істі тез арада аяғына дейін жеткізу керек. Қалай? Оларды аяғына дейін жеткізу үшін кемінде 140-150 миллион сом керек еken. Ал, Академияда ондай қаражат жоқ. Демек, біздің кемшілігіміздің сырты енді түсінікті емес пе.

Соңғы жылдары оптоэлектроника мен жоғары жиілікті техника жұмысының көзінен қанат жаюына байланысты дүние жүзінде галий фосфиді мен индияға деген сұраным күшіне түсті. Оптоэлектроника мен жоғары жиілікті техниканың негізі өндірушілері Жапония, АҚШ, Германия секілді елдерде бұл материалды тұтыну жылына 100 тоннаға дейін артып отыр. Оның жартысын олар сыртқа шығарумен де айналысады. Ал, өзіңіз ойладап қараңыз, көп кристалды галий фосфидасының 1 килограмы ғана әлемдік нарықта 20 мың бәрі айналып келгенде шикізаттың тапшылығы мен құндылығына байланысты болып отыр. Эрине, оны өндіру үшін, өңдеу үшін технология қажет. Ал, біздің техникалық физика институттымыз құрамында фосфоры бар шлак түрінен галлий фосфидасын өндіретін технология ойладап тапты.

— Бұл дегеніңіз керемет ғой! Әлдеқашан өндіріске енген шығар?

— Жоқ. Өйткені, тиімділігі орасан зор бұл өнімді жаппай шығару мақса-

тында әуелі техникалық физика институтында технологиялық-тәжірибе базасын құрып, шала өткізгішті материалдарын алатын технология жасау жөніндегі орталық үйымдастыру керек еді. Міне, осы өтінішпен «Казфосфор» ассоциациясы және Ғылым Академиясы Министрлер кабинетіне кірген болатын. Бірақ, өкінішке орай, бұл мәселе әлі шешімін тапқан жоқ. Оны айтасыз, Химия ғылымы институтының жасаған өте тиімді технологиясы бойынша денсаулық сақтау ісі мен мал шаруашылығы саласына өте қажет «ПП» витаминін жаппай шығаруды үйымдастыру керектігі жөнінде Академия өткен жылдың аяғына таман Министрлер Кабинетіне ұсыныс жасады. Егер бұл сол кезде-ақ арнасын тапқанда Қазақстан тек өз сұранымын ғана қанағаттандырып қоймай ТМД елінде аса құнды өнімді бірден-бір шығарушыға айналып, орасан пайда табар еді.

— Сіз алдыңғы бір сезіңізде әлі де баяғыдай өндіріс орындары ғылыми-техникалық жақалықты қабылдауға үркे қарайды дегенсіз...

— Дұрыс, Міне, экономиканы қайта құрамыз деп қаншама жыл болды құресіп жатырмыз. Анығын айтқанда экономиканы бүгінгі бағытқа сай реттейтін қаншама заңдар қабылданды. Бірақ біз күткендегідей еш нәтиже жоқ. ғылыми-техникалық жақалықтар, ғылыми тың ойлар арнасын таппай қалып жатыр, өндіріс орындары олардан бас сауғалап қашады. Егер тез арада ғылыми-техникалық прогрессе ден қойып, дамыған елдердің жолынан үлгі алма-сақ біздің Қазақстандағы қайта құру жоспарының жүзеге асары беймәлім. Сондықтан экономика ережелері мен нормаларын түбірінен қайта қарап, ғылыми-техникалық прогрессі жеделдете түсі үшін оның қозғауыш механизми дамытып және ең бастысы нәтижелерін өндіріске енгізу жолдарын табу керек.

Мына бір жайды да сез арасында айтпай кетуге болмас. Эрине Қазақстан республикасы қазіргі кездері шет елдермен экономикалық және ғылыми-техникалық достастық келісіміне қол қоюда. Республикамыздың шет елдік қаншама бизнесмендер келсе, сонша делегация сыртқа шығып жатыр. Бірақ неге екені белгісіз, осы болып жатқан келіссөздерге бірде-бір ғалым, негізінен біздің Академиядан ешкім қатыспайды. Сонда келіссөздерде республиканың ғылыми-техникалық мұддесін кім білдіреді, түсініксіз. Мұндай жағдай Академияның әлемдік ғылыми-техникалық байланысын, өзіндік ғылыми-техникалық ойларын жүзеге асыру жолдарын тарылта түсетіні сөзсіз.

— Бұл жағдайды алдағы уақытта үкімет басшылары ескерсе екен дейсіз ғой. Енді, Кенжеғали Әбенұлы, Акаде-

мия басшылығы мен Президиумның қызыметіндегі басты, қекейтесті, толғындыратын мәселе не дер едіңіз.

— Бүгінгі таңдағы жанды жегідей жеттін басты тауқымет — ол ғылыми мекемелерді қаржылай қамтамасыз ету дер едім. Осы мәселені шешу үшін баспаған жеріміз, шықпаған тауымыз қалмады. Қажетті барлық іс қағаздарын дайындал, Министрлер Кабинетіне, Жоғарғы Советке, Қаржы Министрлігіне т. б. есіктерге бас сұқтық, бірақ нәтиже шықпады. Өткен жылғы Академияның бар қаржысы айлық ақыға ғана жетті. Үстіміздегі жылғы ахуал мүлде нашар. Күн санап баға өсуде, ал ғалымдар жалақысы сол күйінде қалуда. Жаңа құрал-жабдықтар, техникалық апараттар сатып алу арманға айналды. Мұның бәрі, айналып келгенде Академияны жіпсіз байлап, тығырықта тіреп отыр. Өзге кәсіпорын, өндіріс орындарында жалақы дегеніңіз күн санап өсіп жатыр. Алатын айлықтары отбасын асырауға жетпегендіктен Академияны тастан ғалымдарымыз өзге жұмыс іздейтін халге жетті. Мысалға, өткен жылы ғана Академияның ғылыми мекемелері қызыметкерлерінің саны 664 адамға қысқарды. Ойлап қараныз, олардың ішінде 40 ғылым докторы бар. Өзге жұмыстарға кетіп жатқандардың көбі тәжірибелі, дарынды ғалымдар, талантты жастар.

Оның үстіне сонау 1987 жылдан бері біздің Академия қызыметкерлерінің санын қысқарту да жүріп келеді. Алғашқы жылдары бұл қысқарту «саны бар да, сапасы жоқтардан» арылу мақсатымен жүргізілген еді. Эрине, ғылымға көк тыйын қосары жоқ адамдардан дер кезінде арылғанымыз жөн. Мен бұған толық қосыламын. Бірақ енді байқасақ көп ұзамай Академия бастаған ісін аяқтайтын ғалымдардың бәрінен айрылып қалатын түрі бар. Кетіп жатқандардың көбі, сезіндің тоқетерін айтқанда, ақшаның аздығынан ғой.

— Осы тұста бір сұрақтың тілге оралып тұрғаны. Қазақстан ғА-ның ғылыми потенциалы өзге республикалар академиялары потенциялымен салыстыра қарар болсақ, қай деңгейден көре аламыз?

— Бұл жағынан өзімізді мақтан туғызбақтастырып, ғалымдардың ғылым Академиясының потенциалы өзге республика академиялары потенциалымен салыстырғанда көптеген параметрлерімен асып та түседі. Бірақ, қызыметкерлерге айлық ақы төлеу жағынан Академиямыз бәрінің ең соңында екенін жасыра алмаймын. Эрине, республиканың экономикасы өте ауыр, сын көтермес жағдайда екенін түсініміз. Дегенмен, өзге республикаларда да проблема аз емес қой. Оның үстіне біздің басшыларымыз ТМД елдерімен салыстырғанда Қазақстан экономикасы біршама тәуір деп айтқан еді. Біз бұған да, әрине, сенеміз, тек осы біршама тәуір жағдай ғалымдардың тұрмысын жақсартуға себептігін тигізтер емес. Ұзақ жылдар бойы қалыптасқан, шыңдалған кадрларды бір-ақ жылда жоғалту деген сұмдық емес пе. Талантты жандарды бір жылда жоғалтып, сосын оның орнын он жыл бойына толтыра алмай зиян шегеріміз мүмкін ғой.

— Сонда Академия бұл тығырықтан шығу қандай жолдарды ұсна алады? Нендей шараларды қолға алған жөн.

— Мен айттар едім, Қазақстанда қазір көптеген инновациялық қорлар, фирмалар, коммерциялық банктер құрылды. Олардың барлығында дерлік миллиондаған, ал кейбіреулерінде тіпті миллиарттаған айналым бар. Бірақ бұлардың бірде, біреуі ғылымға, жаңа техника мен технологияға ешқандай ақша аудармайды. Ал, негізінде осы үйымдардың жарғыларын қарар болсақ олар қаржылай көмек көрсетуге міндетті деп тайға таңба басқандай жазылған.

Екінші жағдай, республикамыздың табиғи бай қазыналарымен жұмыс істейтін кәсіпорындар бар ғой. Олар табиғи байлықты шет елге де шығара алады. Бірақ түскен валютаны ойдағыдай жаратып отыр деуге ауыз бармайды. Міне, осындай кәсіпорындардың тапқан пайдасын үнемі қадағалап отырып, оларды қаржыларын ғылым мен жаңа технологияны дамытуға, өндіріс орындарын технологиямен жарықтандыруға бағыттаса нұр үстіне нұр емес пе.

Ал, Академияның тікелей өзіне келсек, ол жоғарыдағы проблемаларды шешуде тың жол табу үшін күн санап іздену үстінде. Егеменді республикамызда болып жатқан сан-алуан, күрделі өзгерістерге байланысты өмірден өз орнын табу қамын іздестіруде. Бұл айттылған құрғақ сөз емес, өйткені осы ойымызды айғақтайтын Академияда қабылданған шешімдер де, басқару жүйесі мен ғылыми ізденістерді жаңаша қалыптастыратын шаралар да аз емес.

Біздің соңғы кездегі аландаушылығымыздың тағы бір басты себебі — жетіспеушілік, академия басына төнген тапшылық. ғылым барысы, ғалымдар тұрмысы ауырлай бастады. Біздің академиямыз ең бір қыын кезеңде, кешегі сұрапыл соғыс жылдарында құралып, ал енді бүгінде бәріміз жек көрген, теріс жол деп үққан социализм дәүірінде ер жетіп, өзіне тән атағы мен дәрежесіне ие болған еді. Енді қазір осындай ғылым ордасы ұзақ жылдар бойы өзінің жиған-тергениңің көбінен айрылып қалу қаупінде тұр. Міне, осыны көп болып ескерсек екен деймін.

Әңгімелескен, А. ЕСКЕНДІРОВ

тында әуелі техникалық физика институтында технологиялық-тәжірибе базасын құрып, шала өткізгішті материалдарын алатын технология жасау жөніндегі орталық үйымдастыру керек еді. Міне, осы өтінішпен «Казфосфор» ассоциациясы және Ғылым Академиясы Министрлер кабинетіне кірген болатын. Бірақ, өкінішке орай, бұл мәселе әлі шешімін тапқан жоқ. Оны айтасыз, Химия ғылымы институтының жасаған өте тиімді технологиясы бойынша денсаулық сақтау ісі мен мал шаруашылығы саласына өте қажет «ПП» витаминін жаппай шығаруды үйымдастыру керектігі жөніnde Академия өткен жылдың аяғына таман Министрлер Кабинетіне ұсыныс жасады. Егер бұл сол кезде-ақ арнасын тапқанда Қазақстан тек өз сұранымын ғана қанағаттандырып қоймай ТМД елінде аса құнды өнімді бірден-бір шығарушыға айналып, орасан пайда табар еді.

**— Сіз алдыңы бір сезіңізде әлі де
баяғыдай өндіріс орындары ғылы-
ми-техникалық жаңалықты қабылдауға
үрке қарайды дегенсіз...**

— Дұрыс, Міне, экономиканы қайта құрамыз деп қаншама жыл болды күресіп жатырмыз. Анығын айтқанда экономиканы бүгінгі бағытқа сай реттейтін қаншама заңдар қабылданды. Бірақ біз күткендеңідей еш нәтиже жоқ. Ғылыми-техникалық жаңалықтар, ғылыми тың ойлар арнасын таппай қалып жатыр, өндіріс орындары олардан бас сауғалап қашады. Егер тез арада ғылыми-техникалық прогрессе ден қойып, дамыған елдердің жолынан үлгі алмасақ біздің Қазақстандағы қайта құру жоспарының жүзеге асары беймәлім. Сондықтан экономика ережелері мен нормаларын түбірінен қайта қарап, ғылыми-техникалық прогрессі жеделдете түсу үшін оның қозғаушы механизмін дамытып және ең бастысы нәтижелерін өндіріске енгізу жолдарын табу керек.

Мына бір жайды да сөз арасында айтпай кетүге болмас. Эрине Қазақстан республикасы қазіргі кездері шет елдермен экономикалық және ғылыми-техникалық достастық келісіміне қол қоюда. Республикамызға шет елдік қаншама бизнесмендер келсе, сонша делегация сыртқа шығып жатыр. Бірақ неге екені белгісіз, осы болып жатқан келіссөздерге бірде-бір ғалым, негізінен біздің Академиядан ешкім қатыспайды. Сонда келіссөздерде республиканың ғылыми-техникалық мұддесін кім білдіреді, түсініксіз. Мұндай жағдай Академияның әлемдік ғылыми-техникалық байланысын, өзіндік ғылыми-техникалық ойларын жүзеге асыру жолдарын тарылта түсетіні сөзсіз.

— Бұл жағдайды алдағы уақытта үкімет басшылары ескерсе екен дейсіз ғой. Енді, Кенжеғали Әбенұлы, Акаде-

**Миң басшылығы мен Президиумның
қызметіндегі басты, көкейтесті, толғын-
дыратын мәселе не дер едіңіз.**

— Бұғынгі таңдағы жанды жегідей жейтін басты тауқымет — ол ғылыми мекемелерді қаржылай қамтамасыз ету дер едім. Осы мәселені шешу үшін баспаған жеріміз, шықпаған тауымыз қалмады. Қажетті барлық іс қағаздарын дайындалап, Министрлер Кабинетіне, Жоғарғы Советке, Қаржы Министрлігіне т. б. есіктерге бас сұқтық, бірақ нәтиже шықпады. Отken жылғы Академияның бар қаржысы айлық ақылаға ғана жетті. Үстіміздегі жылғы ахуал мүлде нашар. Құн санап баға өсуде, ал ғалымдар жалақысы сол күйінде қалуда. Жаңа құрал-жабдықтар, техникалық аппараттар сатып алу арманға айналды. Мұның бәрі, айналып келгенде Академияны жіпсіз байладап, тығырыққа тіреп отыр. Өзге кәсіпорын, өндіріс орындарында жалақы дегенің күн санап өсіп жатыр. Алатын айлықтары отбасын асырауға жетпегендіктен Академияны тастан ғалымдарымыз өзге жұмыс іздейтін халге жетті. Мысалға, еткен жылы ғана Академияның ғылыми мекемелері қызметкерлерінің саны 664 адамға қысқарды. Ойладап қараңыз, олардың ішінде 40 ғылым докторы бар. Өзге жұмыстарға кетіп жатқандардың көбі тәжірибелі, дарынды ғалымдар, талантты жастар.

Оның үстіне сонау 1987 жылдан бері біздің Академия қызметкерлерінің салын қысқарту да жүріп келеді. Алғашқы жылдары бұл қысқарту «саны бар да, сапасы жоқтардан» арылу мақсатымен жүргізілген еді. Эрине, ғылымға көк тыңын қосары жоқ адамдардан дер кезінде арылғанымыз жөн. Мен бұған толық қосыламын. Бірақ енді байқасақ көп ұзамай Академия бастаған ісін аяқтайтын ғалымдардың бәрінен айырылып қалатын түрі бар. Кетіп жатқандардың көбі, сөздің тоқетерін айтқанда, ақшаның аздығынан ғой.

— Осы тұста бір сұрақтың тілге оралып тұрғаны. Қазақстан FA-ның ғылыми потенциалын өзге республикалар академиялары потенциялымен салыстыра қарар болсақ, қай деңгейден көре аламыз?

— Бұл жағынан өзімізді мақтан тұтуға әбден болады. Қазақстан ғылым Академиясының потенциалы өзге республика академиялары потенциалымен салыстырғанда көптеген параметрлерімен асып та түседі. Бірақ, қызметкерлерге айлық ақы төлеу жағынан Академиямыз бәрінің ең соңында екенин жасыра алмаймын. Эрине, республикамыздың экономикасы өте ауыр, сын көтермес жағдайда екенін түсінеміз. Дегенмен, өзге республикаларда да проблема аз емес қой. Оның үстіне біздің басшыларымыз ТМД елдерімен салыстырғанда Қазақстан экономо-

микасы біршама тәуір деп айтқан еді.
Біз бұған да, әрине, сенеміз, тек осы
біршама тәуір жағдай ғалымдардың
тұрмысын жақсартуға себептігін тигізер
емес. Ұзақ жылдар бойы қалыптасқан,
шыңдалған кадрларды бір-ақ жылда
жоғалту деген сұмдық емес пе. Талант-
ты жандарды бір жылда жоғалтып, со-
сын оның орнын он жыл бойына толты-
ра алмай зиян шегеріміз мүмкін ғой.

**— Сонда Академия бұл тығырықтан
шығу қандай жолдарды ұсина алады?
Нендей шараларды қолға алған жөн.**

— Мен айтар едім, Қазақстанда қазір көптеген инновациялық қорлар, фирмалар, коммерциялық банктер құрылды. Олардың барлығында дерлік миллиондаған, ал кейбіреулерінде тіпті миллиарттаған айналым бар. Бірақ бұлардың бірде, біреуі ғылымға, жаңа техника мен технологияға ешқандай ақша аудармайды. Ал, негізінде осы ұйымдардың жарғыларын қарап болсак олар қаржылай көмек көрсетуге міндетті деп тайға таңба басқандай жазылған.

Екінші жағдай, республикамыздың табиғи бай қазыналарымен жұмыс істейтін кәсіпорындар бар ғой. Олар табиғи байлықты шет елге де шығара алады. Бірақ түскен валютаны ойдағыдай жаратып отыр деуге ауыз бармайды. Міне, осындай кәсіпорындардың тапқан пайдасын үнемі қадағалап отырып, оларды қаржыларын ғылым мен жаңа технологияны дамытуға, өндіріс орындарын технологиямен жарықтандыруға бағыттаса нұр үстіне нұр емес пе.

Ал, Академияның тікелей өзіне келсек, ол жоғарыдағы проблемаларды шешуде тың жол табу үшін күн санап іздену үстінде. Егеменді республика-мыңда болып жатқан сан-алуан, күрделі езгерістерге байланысты өмірден өз орнын табу қамын іздестіруде. Бұл айтылған құрғақ сөз емес, ейткені осы ойымызды айғақтайдын Академияда қабылданған шешімдер де, басқару жүйесі мен ғылыми ізденістерді жаңаша қалыптастыратын шаралар да аз емес.

Біздің соңғы кездегі аландаушылығы-
мұздың тағы бір басты себебі — же-
тіспеушілік, академия басына төнген
тапшылық. Ғылым барысы, ғалымдар
тұрмысы ауырлай бастады. Біздің
академиямыз ең бір қын кезеңде,
кешегі сұрапыл соғыс жылдарында құ-
ралып, ал енді бүгінде бәріміз жек
көрген, теріс жол деп ұққан социализм
дәуірінде ер жетіп, өзіне тән атағы мен
дәрежесіне ие болған еді. Енді қазір
осындағы ғылым ордасы ұзақ жылдар
бойы өзінің жиған-тергенінің көбінен
айрылып қалу қаупінде тұр. Міне, осы-
ны көп болып ескерсек екен деймін.

Әңгімелескен, А. ЕСКЕНДІРОВ